

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР – САПАЛЫ БІЛІМ БАСТАУЫ

Кайрбек АЛИМБЕТОВ*

Түйіндеме: Мақала әдебиет пәнінде оқытудың жаңа технологияларын ұтымды қолдану сапалы білім бастамасы екенін түсіндіре келіп, сабақ беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін көрсетеді. Инновациялық технологияның білімгерлердің тұлғалық қасиеттерін дамытуда, кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруде үлкен рөл атқаратынын тәжірибе жүзінде таныта отырып, қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқытудағы үйлесімді технологияның түрлерін сараптап көрсетеді. Мақалада ақпараттық технологияның оқу үрдісін жетілдірудегі мүмкіндіктерін де бере отырып, оқытудың инновациялық әдістерін қолданғаннан кейінгі қол жеткізген нәтижені де танытады. Мақала авторлары технология элементтерін өз іс-тәжірбелерінде ұтымды қолданып, білімгерлердің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру жолында жүргізілген практикалық сабақтардан үзінділер ұсынады. Пән бағдарламасына сәйкес жүргізілген нақты сабақтарда оқытудың, оның ішінде білімгерлерді дамыта отырып сыни тұрғыда ойландыруға жетелейтін эпизод-сабақтың көріністері, технология элементтерін ұтымды қолданудың оңтайлы жолы ұсынылады. Сабақ беру барысында білімгерлердің оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейіне жету жолындағы арнайы тапсырмаларды орындауларының тиімді әдіс-тәсілдерін де көрсете, инновациялық технология элементтерін тиімді пайдаланудың галереясын ұсынады.

Кілтті сөздер: *инновациялық технология, әдебиетті оқыту әдістемесі, технологиялық мәдениет, әдеби талдаудың төрт сатылы деңгейі, шығармашылық даму кезеңдері, Блум таксономиясы.*

New Technologies – The Beginning of Quality Education

Annotation: The article reveals the need for rational use of new learning technologies in teaching literature, discusses effective methods and techniques for using innovative technologies in the educational process. In practice, innovative technologies play an important role in the development of personal qualities of students, improving professional competencies in teaching the Kazakh language and literature. The article reveals the possibilities of information technologies in improving the educational process, and the results achieved after the use of innovative teaching methods. The authors of the article actively use elements of technology in their work, offering fragments from practical classes on the formation of the creative personality of students. In specific classes conducted in accordance with the course program, the best way of learning is offered, including using elements of technology, occasional classes that lead to the development of critical thinking of students. The article offers examples of effective use of elements of innovative technologies.

Key Words: *innovative technologies, methods of teaching literature, technological culture, four-level stage of literary analysis, stages of creative development, bloom's taxonomy.*

Кіріспе


Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алдық. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болды. ХХІ ғасыр ақпараттық қоғам, оның ішінде технологиялық мәдениет екендігін ескерсек, онда адамзат дамуының жаңа кезеңінде білім жүйесін жетілдіріп, оқытудың жаңа жолдарын іздестіру қажет екендігі түсінікті. Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту технологияларын тиімді пайдалану арқылы үздіксіз өзгерістерге бейімделе алатын жеке тұлға қалыптастыру - басты міндет.

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде жалпы білім беру мәселесін қайта қарап, таптаурын әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастыру арқылы білім сапасын арттыру көзделген. Білім беруді жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық


* PhD докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан.

технологияларды қолдану. Осы орайда әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында жаңа технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдауы қажет.

Ж. Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деген екен (1, 4). Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы. Сабақтың сәтті болуының толып жатқан шарттары бар. Оның ең бастысы – мұғалімнің білімі, жеке бастың қасиеті мен өзіндік ерекшеліктері, мұғалімнің шеберлігі, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгеруі. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданылған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады. Сондықтан жаңа ақпараттық технологияны еркін пайдалана білу – уақыт талабы. Оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы білім алу сапасын жақсартудың жолын тауып, жан-жақты дамыған шығармашыл, әлеуметтік бәсекеге қабілетті, ортаға бейімделген, кәсіби біліктілігі жоғары тұлға тәрбиелеу мәселесін шешуге болады. Ұлт болашағына жаны ашитын әрбір мұғалім ұлттық тіл мен әдебиетті оқыту үрдісін жетілдіріп отыруы керек. Білім мазмұнын жетілдіру үрдісі оқушыларға білімді өздігінен меңгертудің әдіс-тәсілдерін игертуді, оның дамытушылық жақтарына басымдылық беруді қарастырады.



Қазіргі оқыту үрдісіндегі басты мақсат – оқушы тұлғасы және оның білім алу арқылы өзін-өзі дамытуы. Жаңа технология оқушыға тек білім негіздерін беріп қана қоймайды, сонымен қатар оны тұлға ретінде дамытуға бағыттайды. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Мұғалімнің шеберлігі жоғары болса да, ол оқушының белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді (2, 57). Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқытудың инновациялық технологияларын тиімді пайдалану білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.



Жаңа ақпараттық технология – оқу үрдісін жетілдірудің тиімді жолы

Ақпараттық-коммуникациялық технология мүмкіндік береді:

- ✓ оқу материалын терең түсінуге;
- ✓ оқу инновациясының артуына;
- ✓ алған білімнің неғұрлым ұзақ уақыт есте сақталуына;
- ✓ білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына;

Оқытудың инновациялық әдістерін қолданғаннан

- өз бетінше ізденуге үйренеді;
- О ақпарат көзімен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады;
жұрт алдында сөйлеу әдебі қалыптасады;
- Қ өзін-өзі бағалайды, дамытады, жетілдіреді;
авторлық идеяның астарына үңіледі, өзекті мәселеге терең арлауға бағыт алады;
- У шығармашылық белсенділігі артады, сын тұрғысынан ойлау әрекеті қалыптасады;
- Ш өзіндік «менін» айтуға, жаңалық ашуға талпыныс жасайды
- Ы

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты – бәсекелестікке қабілетті ұрпақ қалыптастыру. Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі – тіл байлығы. Өз ойын нақты, жүйелі, мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлейтін адамдарда тұлғалық қасиет болады. Шығармашыл, дарынды тұлға қалыптастыру білім-тәрбие берудегі мемлекеттік істің маңыздысы болып отыр.

Білім беру жүйесінде қазіргі таңда оқытылатын пәндердің балалардың болашағы мен таңдайтын мамандығына қарай бағытталуына ерекше назар аударылуда. Кәсіпке дайындау, мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселелер. Осы орайда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Сабақ үстінде оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып, оның өз бетімен мақсатқа жетуі көзделеді. Тегінде баланы өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен ізденіп білім алуға үйрету – ең тиімді жол. Шығармашылық дегеніміз – оқушының белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы формасы. Бұл мәселені шешуде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше.

Білімді меңгертудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесін жиі пайдаланудың көмегі зор. Оқушылардың оқудағы танымдық іс-әрекетін, олардың ойлау дағдыларын жетілдіріп, мақсат қою технологиясын Блум жүйесін пайдалана отырып былайша көрсетуге болады.

Мақсат / деңгей	Белгілері	Оқушы іс-әрекеті
Білім	Берілген жаңа түсінікті ұғу, есте ұстау, бұрынғы білімді еске түсіру.	Қабылдайды, ойлайды. Есте сақтайды,
	Жаңа материалда берілетін білімді	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді,
Түсіну	түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасауы.	жазады.
Қолдану	Жаңа білімді тәжірибеде нақты жаңа жағдайда пайдалану.	Бұрынғы білімнегізінде соны пайдалана отырып, жаңа проблема шешеді.
Талдау (анализ)	Алған білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінді дәнін бөліп ала білу.	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, ізденеді.
Жинақтау (синтез)	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау (жалқыдан жалпыға)	Ойлап табады, шығарады,

		байланыстырады.
Бағалау (сынибаға)	Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау, пайдалану.	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.

Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар оқушының білім деңгейін оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруге жол ашады. Академик В.П. Беспалько оқушылардың оқу материалын меңгеруін төрт деңгейге бөліп қарастырады:


I. Оқушылық деңгейде бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды. Алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады.

II. Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақтаған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.

III. Эвристикалық деңгейде мақсат анық, жағдаят түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді. Бұнда да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа мәлімет пен білімді өз ізденісімен ала алады.

IV. Шығармашылық деңгейде мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі (3, 85).

Мысалы, Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесіне әдеби талдауды төрт сатылық деңгейде былайша жүйелеуге болады.



Іс-тәжірибемізде Блум жүйесін пайдалану арқылы білімгерлердің танымдық белсенділігін арттыруға көмектескен бірер тапсырма орындалуының үлгісін ұсынып отырмыз (4, 52).

Төлен Әбдіков «Қонақтар» әңгімесі бойынша

Деңгейі	Тапсырмалар	Оқушының іс-әрекеті
Білім	Жазушы әңгімеде қандай тақырыпты көтерген? Ерғабыл мен кемпірінің арманы не еді?	«Қонақтар» әңгімесінің басты тақырыбы - адамгершілік, баланың ата-ана, туған жер, ел алдындағы парызы. Қарттардың арманы - ата-ана, туған жер алдындағы борышты сезінген, имандылық-ізгілікті санасына сіңірген Сапабекті көру.
Түсіну	Әңгімеге шағын жоспар құр	1. Ата-анасағынышы, балаларынкүтуі. 2. Сапабектің келуі. 3. Қонақтардың аттануы немесе Ерғабылдың реніші.
Қолдану	Әңгіме кейіпкерлерін қандай топтарға бөлуге болады? Әңгіме неліктен «Қонақтар» деп аталған?	Әңгіме кейіпкерлері ұнамды (Ерғабыл, кемпір) және ұнамсыз (Сапабек, Тома, Жеңіс) болып екі топқа бөлінеді. Әңгімедегі Сапабектер ауыл адамдарымен де, әкешесімен де сағынышын бөлісе алмай, өгейсіп, ортаға араласпай, өз үйіне өзі қонақ болып кетті. Автор әңгімедегі әлеуметтік мәселеге қатысты тақырыпты осылай тандаған.
Анализ	Ерғабыл мен Сапабекке салыстырмалы мінездеме бер.	Ерғабыл – ата-баба дәстүріне адал, ұлттық таным-тәрбиені бойына сіңірген, еңбекқор, мейірімді, төзімді ақылды жан. Сапабек – оқыған, бірақ туған жер, ата-ана алдындағы парызды сезінбеген, ұлттық санадан айрыла бастаған, саязойлы, қуыскеуде, мақтаншақ.
Синтез	Баланың ата-ана, туған жер алдындағы парызы жайлы ойларың қандай? «Менің ата-ана алдындағы перзенттік борышым» тақырыбына эссе жазу	Шыр етіп күниеге келгеннен азамат боп жетілгенге дейінгі ата-ана қамқорлығын еш нәрсеге теңестіруге келмейді. Менің ата-анам алдындағы перзенттік борышым – өнегелі іс-әрекетіммен ата-анамды қуанту, өмірде өз орнымды тауып, еліме адал қызмет ету.
Бағалау	Әңгімені оқып болғаннан кейінгі өз тұжырымым.	Қаламгер ауылда дүниеге келсе де, қалада оқып, қызмет істейтін, бірақ ата-ана алдындағы борышын, туған жер, атамекен алдындағы адамгершілік парызын ұмыта бастаған, ұлттық салт-дәстүрді бағаламайтын жастар өкілдерінің іс-әрекетін бейнелеген. Әңгіме тақырыбы өте актуалды. Қазіргі өмірдің ащы шындығы. Мен туып-өскен ортамның, ата-анамның, елімнің көсегесін көгертер адал перзенті боламын.

«Етістер» тақырыбы бойынша

Мақсат	Белгілері
Білім	Етістің анықтамасы, білдіретін мағынасы.
Түсіну	Етістің түрлері. Сөйлемдегі етістерді түрлеріне қарай ажыратып, тұлғалық талдау жаса.

Қолдану	Берілген сөздерге қажетті жұрнақтарды жалғап, етіс түрлерін жаса.
Талдау (анализ)	Өздік етіс пен ырықсыз етісті, ортақ етіс пен өзгелік етісті салыстыр.
Жинақтау (синтез)	«Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз», «Мектеп шеберханасында» деген тақырыптарда мәтін құрау, суреттеме жазу.
Бағалау (сынибаға)	Етістік категориясының тілдік қызметтегі маңызы. (Өзіндік көзқарас, пікір)

Оқушының шығарашылық қабілетін дамыту жолдарын үш кезең арқылы жүзеге асыруға болады:

Бірінші кезең - түпкі идеяны табуға ұмтылу, сезімталдық қасиетті оята білу. Бұл кезеңде әдеби-шығармашылық тапсырмалар беріліп, төмендегідей талаптар бойынша жұмыс жүргізіледі.

- Шығарманың мазмұны, тақырыбы жайында пікір жазу;
- Кейіпкер тобын ажыратып, олардың арасындағы шиеленісті түсіндіру;
- Шығарманы бөлімдерге бөліп, тақырып жазып келу;
- Шығарма мазмұнына сай қанатты сөздерді ойлап жазу;
- Әңгіменің белгілі бір бөлімінің көркемдік ерекшелігіне талдау жүргізу;

Екінші кезең – қиялдай білу, ұшқыр ой қалыптастыру. Бұл кезең - оқиға құрудың, образ жасаудың мүмкіндігі бар кезең. Мұнда оқушыға ертегі, әңгіме, мақалаларды жалғастырып жазу және аяқтау тапсырылады. Оқушы қиялға ерік беріп, оқиғаны дамыта отырып шығармашылық жұмыс істейді. Өз бетінше іздену-шығармашылық қабілетті ашудың көзі. Бұл бағытта төмендегідей жұмыстар арқылы оқушының таным қабілетін арттыра түсеміз.

Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар: сөзжұмбақ, ребус шешкізу, жұмбақ, мақал- мәтел, қанатты сөздер құрастыру.

Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері: мәтінді өңдеу, берілген мәтіннен диалог құрастыру, мәтін бойынша шешендік сөз құрастыру.

Өз ойынан еркін тақырыпта әр түрлі жұмыс түрлерін құрастыру: өлең, ертегі, әңгіме жазу, шығарма жаз.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жұмыс тізгінін білімгердің өз қолына беріп отырған қолайлы. Бұл орайда сыныпты топқа бөліп, тақырыпқа сәйкес өлең құрастыру, қанатты сөз ойлап табу, мөлтек сыр құрастыру тапсырылады («Анама айтар сыр»,

«Айтшы, досың кім?», «Қыздарға әсемдік жарасады») (4, 27).

Үшінші кезең – тапқырлық пен шеберлікке шыңдалу кезеңі. Бұл кезеңде оқушы белгілі бір шығармаға өзіндік көзқарас білдіріп, пікір (рецензия) жазады, мәтінге әдеби-теориялық талдау жүргізеді, ғылыми жұмыстар және әңгіме жазады. Осындай үш кезеңнен өткен оқушы нағыз шығармашыл тұлға болып дараланады (5, 256).

Қорытынды

Оқытушылық тәжірибемізді ұсына отырып инновациялық технологияларды қолдану барысында білімгерлерді шығармашылық тұлға деңгейіне жетудің және жеткізе білудің сырын да бөлістік деп ойлаймыз. Ұлы Абай айтқандай, «кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі» (6, 307).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов, Ж. (1924). *Тәрбиеге жетекші*, Қызылорда.
2. Бітібаева, Қ. (1990). *Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары*, Алматы: Рауан.
3. Беспалько, П. В. (1989). *Слагаемые педагогической технологии*. - Москва: Педагогика.
4. Муктарова, Ә. (2015). *Шәкірттерді шығарма жазуға үйретудің әдіс-тәсілдері. Оқу құралы*. Алматы: Үш қиян.
5. Селевко, Г. К. (1998). *Современные образовательные технологии*. М.: Народное образование.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (2008). *Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер*. Алматы: Раритет.